

Байниетова Сәуле

Җожа Ахмет Васауи



аруна
Б А С П А С Ы

ББК 63.3 Қаз
Б 18

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып
отыр

Байниетова С.

Б 18 Қожа Ахмет Иасауи. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна»,
2007. – 96 бет. – «Шығыстың ұлылары» топтамасы

ISBN 9965-26-237-3

Балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркем-суретті туындыда қазақ даласында исламның нығаяуына зор ықпал жасаған, яғни, жергілікті халықтың салт-санасы мен наным-сеніміне, әдет-ғұрпына қайшы келмейтін діни мектептің негізін қалаған, сопылық ағымның түркілік дәстүріне даңғыл жол салған дарынды тұлға, ғұлама, ақын, әулие Қожа Ахмет Иасауидің өмір жолы суреттелген. Шығарма балалардың танымына лайық, жеңіл, көркем тілмен толық әрі әсерлі баяндалған.

Б $\frac{0503020905}{00(05)-07}$

ББК 63.3 Қаз

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға болмайды.

ISBN 9965-26-237-3

© «Аруна Ltd.» ЖШС, 2007

Мазмұны

Қожа Ахмет Уасауи	4
Бәуегейлік.....	5
Алғашқы ұстаз.....	14
Жол басы.....	27
Арыстан Баб.....	40
Қалыптасу.....	52
Өмірлік таңдау.....	66
Арымен үйлесім тапқан	79
Ғасырлар тыныс алғанда	91

Қожа Ахмет Иасауи

Қожа Ахмет Иасауидің есімі бізге ғасырлар қойнауынан, ата-бабаларымыз әлде де бытыраңқы тайпалық өмір кешкен сонау алыс замандардан келіп жетті. Сол бір дүрбелең уақыттарда адамдардың тату көршілік сақтап, мамыражай тірлік кешуі оңай емес еді: далалықтардың шүйгін де шұрайлы алаптары жат жерлік өміршілердің қызғанышын қоздырып, көз алартуына себеп болды. Қанқұйлы басқыншылар бейбіт тұрғындардың наһақ қанын төгіп, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырды. Сөйтіп, жергілікті елді өз ошақ-ордасын қорғау үшін қолдарына қару алуға, жан-жақтан анталаған қара ниет дұшпандарынан қорғану үшін бекініс-қамалдар салуға мәжбүр етті. Осыдан барып, далалықтар ақырындап отырықшы өмірге икемделе бастады. Отырықшылыққа көше отырып, жер өңдеуді меңгерді, бау-бақша, жүзімдіктермен айналысты. Үлкен қалаларға орныққандар сауда-саттықпен, түрлі қолөнер кәсіптерімен шұғылданды. Соған қарамастан, олар еркіндіксүйгіш жауынгер халық болып қалды.

Осындай шекаралық бекініс-қаланың бірі ежелгі Ұлы Жібек жолында бой көтерген, бағзы замандарда халқының жауынгерлігімен әйгілі болған Исфиджаб қаласы еді. Кейін бұл қала Сайрам атауын алған. Осы бір сұлу шаһар, құтты мекенде асқан ғұлама ғалым, ақын һәм ағартушы Қожа Ахмет жарық дүниеге келген.

Бүкілхалықтық құрмет пен сүйіспеншілікке бөленген Ахмет Иасауи кім еді?

Дін үлемі әрі дана мемлекет қайраткері болған Қожа Ахмет Иасауи халық жадында ғаламат уағызшы ретінде ғана емес, сонымен бірге түркі тілдес тамаша халық ақыны һәм ойшыл ретінде сақталып қалды. Оның шығармалары әлемдік поэзия қазынасынан лайықты орын алды. Өзінің діни уағыздары мен трактаттарында ол заманының көкейтесті жайларына үн қосып, халыққа ақиқат сөзін айтты, әркімнің жан-жүрегіне адамға және оның жер бетіндегі ізгілікті міндет-парызына деген сенім ұялатты.

Міне, алты ғасырдан бері ұлы тақуа-пірге тәу етіп, Түркістан қаласын көркейтіп тұрған Әзірет Сұлтан кесенесінің қасиетті қабырғасына жанасуға асыққан мұсылмандар қатары толастайтын емес. Әулие бабалар тірілер үшін қажет, олар адамдардың жүрегін сүйіспеншілік пен даналық нұрына толтырады.

Бәуегейлік

Жапан даланы жаяу кезген жалғыз жолаушының жол үстінде келе жатқанына, міне, екінші күн. Оны осы сапарға ертіп ала шыққан керуен Сайрам қаласын бетке ұстап әлдеқашан алға озып кеткен.

Жолаушы алқынғанын баспақ болып анда-санда тоқтап дем алады, ақырын жөтеліп, құдды өзінің қырылдаған үздік-создық тыныс алысына құлақ түргендей, басын төмен салып тұрып қалады. Дерт меңдеп әлсіреген өкпелері деміге сырылдайды. Осы дімкәсі бірнеше күн төсек тартқызып жатқызып та тастаған болатын.

Көзін қолымен көлегейлеп жан-жағын барлай шолып өткен қария әлсіз ғана «Көктем қаласы» деп күбірледі. Алда жасыл бау-баққа малынған шекара қамалының қабырғалары ағараңдап көрінді. Таныс өңір жолаушының көзіне оттай басылды. Бұл «ақ қала» – Сайрам қаласы еді.

Сайрам – айбынды қамал, бұқаралық мединесінің өзінің төрт қақпасы бар: Нуджакет, Фархан, Шахран және Бұхара қақпалары. Әр қақпаның маңында дербес рабаттары бар. Шаһардың «Исфиджаб» деген ескі атауы оған көбірек ұнайтын, өзімен ажырамастай болған махаббат пен қызық-думанға толы жастық шағын еске салатын.

Қала ежелден-ақ әсем көркімен даңқы шыққан-ды. Оның кең-байтақ жазирасы мен қисапсыз қыстақтары Мәуереннахр атырабының көркі еді.

Араб жылнамаларында «Мәуереннахрдың» «өзеннің арғы жағы», «өзен сыртындағы жер» деп аударылуы тегін емес – жат жерде мұндай дәмді де мөлдір суды татып көрмепті.

Қария дір-дір ете күрсініп қойды, ол мына қасиетті қабырғалардың қасына келіп, тағзым етпегелі қашан.

Қалжыраған жолаушының тізесі бүгіле берді. Күміс толқындары бүлкілдеп ойнаған биік жусан бірден-ақ шаршаған аяқтарын орап алды. Табиғат байырғы баяу әңгімесіне кірісті, сызылған сыршыл мақамына құлақ түрсе-ақ, жаны жай тауып, жеңілдеп қалатындай. Қария белбеуіне қол созып қарайып кеткен бедерлі теңгені алып шықты, дағдысынша оны арбиған саусақтарымен ысқылап сүртті. Алыс заманнан

жеткен жәдігерді ары-бері аударып қарап отырып, өткен өмірді есіне алды. Қазір де, бұрынғыша, сауда керуендері үш бағытта: Тараз арқылы Шығыс Түркістанға, солтүстікке – Баб-Ата, Құмкент, Созаққа, Арыс өзенінің төменгі ағысымен асықпай Сырдария қалаларына ағылып жатыр. Исфиджаб иелігінің терістік межесі осы өзеннің бойымен өтеді. Кез келген шекара сияқты, оның да бекінісі бекем.

Бейне Арыстың сол жағалауында асқақтаған Қарауыл-төбенің биік жоталы обалары сияқты, қарияның басында естеліктер тізбектеле созылып, көз алдынан өтіп жатты. Мына төбелердің бұлай аталуы да тегін емес – бұл биіктерден алыстағы сахара алақандағыдай көрінеді. Жау қарасын байқаса-ақ болды, қырағы шолғыншылар төбелердің басында лаулатып алау жағып, қалалардағы қандас қауымға төнген қауіпті хабарлайтын. Қала қақпалары бекітіліп, жан-жаққа жаушылар аттандап құйғыта шабатын. Иә, осынау даңқты қаланың халқы қашан да өз шептерін қорғай білетін.

Ақыры, орнынан ауыр көтерілген қария сапарын жалғастырғаны сол еді, бірнеше қадам аттап үлгермей, арт жақтан тұяқ дүбірін есітті. Жолаушы бұрылып қараса, тура өзіне қарай биік арғымақ мінген бір салт атты құйғытып келеді екен, жетегінде жас айғыр бар. Жақындай келе салт аттымыз жас жігіт болып шықты. Ол қариямен қатарласа бере тұяғынан будақ-будақ шаң үйірілген тұлпарларды оқыс тежеп, жерге секіріп түсті. Қария шеткерек қағылып, еріксізден асау арғымақтарға сүйсіне көз салды. Тәжірибелі жауынгер жылқыны жақсы танушы еді. Оның алдында ұзын сирақты, сом тұрпатты арабы сәйгүлік тұрды.

Жас жігіт қарияға жақын келіп, басын иіп сәлем берді. Қарт кісіге бейтаныстың ізеттілігі ұнады – сахара қонақжай, бірақ мұнда жұрттың бәрі ақ ниетпен келе бермейді. Жеңіліс тапқан жат жерлік жауынгерлерді өзінің сыз бесігіне бөлеген көптеген обалар соның дәлелі тәрізді, олар да халықтың туған жер үшін жүргізген ғасырлар бойғы қиын күресі жайлы сыр шертеді.

Қария аттарға жақындай түсті, сүйегі адырайған бетін жайма-шуақ күлкісі нұрландырды.

– Арғымақтарың нағыз тұлпар екен, шырағым. Ал өзіңнің атың кім?



– Менің атым – Дәміл, – деп жауап қайырды жігіт, ашық-жарқын қабағынан қарияға деген ақ пейіл мен ықылас білінді. Қымбат киімі мен зерленіп тігілген етігі оның бекзат әулеттен екендігін әйгілегендей еді.

– Мұншама жолды жалғыз жүріп өтуге сені нендей мақсат мәжбүр етті, әке? Қыпшақ далаларында Самбырдың адамдары кезіп жүр емес пе? – Дәміл қолымен атты нұсқады. – Отыр, сапарды бірге жалғастырайық.

Қария қулана жымиды:

– Сенің тұлпарларың тым жүйрік, ал мен ешқайда асығып тұрған жоқпын. Қартайған шақта уақыт өз ағысын баяулатады екен, көздерің де қасыңнан заулап өте шыққан нәрселерді байқағыш болады. Сен жолыңнан қалма, балам, жүре бер, аттарыңның танауы шуылдай тыпыршығанына қарағанда, бір жаққа асығулы сияқтысың.

– Иә, құрметтім, мен өзімнің ағам – Ибраһим шайықтан жақсы хабар алдым. Мінеки, болашақ батырға әкеле жатқан сыйлығым, – деп ол торы айғырдың барқыт маңдайынан қағып қойды, – әкесінің дәулетін молайтуға жазсын.

– Байлық, әрине, жақсы ғой, бірақ ол әрдайым бақытпен бірге бола бермейді. Батырлық мол байлық, шексіз олжа әкелгенмен, көп жағдайда жазықсыз жандар жапа шегеді.

– Сөздерің тосындау шықты-ау, ақсақал. Ағам Ибраһим мені қарапайым халықты құрметтеуге үйреткен. Бірақ байлық адамға билік пен күш-қуат бермей ме!

Дәміл басын шалқайта, рахаттана күлді. Қария онысын түсінген сыңайда басын изеді:

– Сен жассың әрі албыртсың, адамдарға жүрегің ашық. Сол себептен де мол дәулеттің ауыртпашылығы саған білінбейді.

Дәміл атына қарғып мінді:

– Қош бол, әке!

Қария оны етігінен ұстап тоқтатты да:

– Ардақты шайық Ибраһимге менің тілектестік сәлемімді жеткіз. Перзенті құрметті адам болып өссін, оған деген ел-жұрттың махаббаты мәңгі-бақи сарқылмасын! Ахмет деген атына лайық болсын! Әумин! – деді.

– Ахмет деймісің, әдемі есім таңдадың...

Қария қолын көтеріп, жігіттің сөзін бөлді:

– Бұл есімді оған Алла берген.

Дәміл бір уыс алтын теңге алып, қарияға ұсынды:

– Егер осы сөздерді шын жүректен айтсаң, менің алғысымның белгісі ретінде алғайсың.

Қария бір ділдәні алды да, салт аттының қолын жайлап итерді:

– Рахмет, ұлым. Жолың болсын!

Тағатсыз тықыршып тұрған аттар орындарынан атыла, заулап ала жөнелді де, көп ұзамай көзден ғайып болды.

Өкінішке орай, сахарада өзінің жастық шағының қаласына оралып келе жатқан осы бір тосын жолаушының – әжім айғыздаған қатқыл жүзін күн қағып, кәріліктен аппақ шашы селдіреген қарияның есімін тарих жады сақтамапты. Бірақ оның сондағы сәуегей сөздері бұлжымай орындалды. Алыс замандағы сол бір күні шайық Ибраһим Атаның отбасында күннің алғаш себездеген сәулесімен бірге көптен күткен нәрестенің шарылдаған үні естіліп, Қарашаш сұлу өз сәбиін бауырына қысты. Нақ сол күні біздің бабаларымыздың ата-мекені дүниеге ұлы ойшыл һәм қасиетті әулиені сыйлады. Оған Ахмет деген есім берілді.

Баяғының адамдары айтады екен: таң сәриде туған бала адамдарға мейір-шуақ сыйлаудан ешқашан жалықпайды деп. Қожа Ахмет Иасауи өз халқының қасірет-наласы мен қуанышын бүкіл өмірінің өзегіне арқау қылып, бекзат тегін үлкен жүрегінің дарқандығымен өшпес даңққа бөледі.

Шайық үлкен той жасап, атақты адамдар мен бай көпестер құттықтап келіп жатты. Елге сыйлы Ибраһимді білетін қара халық та қызық-қуаныштан қалған жоқ.

Кішкентай Ахмет жасынан өте зерек, сергек, қагілез әрі сезімтал бала болып өсті және айналасындағы көзге көрінгеннің бәрін білсем деген білімқұмарлығымен ерекшеленді.

Ахмет өз дәуірінің ұлы еді, садақ атудағы мергендігі мен араб әліпбиін үйренудегі ыждаһаты бір-бірінен әсте қалыспады. Әйткенмен, әкесі сол кездің өзінде-ақ оның ғылым-білімге құштарлығын қапысыз аңғарды.

Бірде Ахметтің әкесі қаладан екі күндік жердегі көрші қыстаққа баратын болды. Онда ержүрек Ысқақ батырдың әскері қыстайтын. Көкте қанша құс болса, осынау жанкешті жауынгердің денесінде қылыш пен найзадан қалған сонша



жарақаттың ізі бар деседі. Оның ерліктері аңызға айналып, сахарада жұрт аузынан түспейтін, батырлық даңқы аспандап ұшып тұрған. Мұндай қаһарманмен кездесуге құмар емес адам жоқ-ты. Бала Ахмет те өзін бірге ала кетуге әкесін көндірді. Бұл оның бес жасқа толған шағы еді.

Алғаш алыс жолға шыққан Ахмет күні бойы ат үстінде селкілдеп, әбден жол соқты болды. Ақыры, ұзақ жүрістен сілесі қатып, әкесінің қолына құлап түсті. Кеш бата аялдауға тура келгендіктен, олар бір отырықшы бақташының үйіне түнеуге тоқтады. Кішкентай Ахметті әкесі сол үйге көтеріп алып барды. Бала алакөлеңке бөлмеге тап болды. Бөлменің ортасына ошақ орнатылыпты. Ошақтағы әлсіз жылтылдаған оттан бөлме ішіне көмескі жарық тарайды. Ошақ үстінде ескі қазан күжірейе теңкиеді. Қазаннан бу бұрқырап, піскен еттің иісі келеді.

Үйдің қабырғасымен іргелес қора-қопсы орналасқан екен. Ол жақтан әлсін-әлсін сиырлардың мөңірегені мен жылқының оқыранып пысқырынғаны естіліп тұрды.

Ахмет қой терісінің үстінде жатып жылтылдаған отқа, қазанның қампиған бүйіріне, балшықпен сыланған қабырғаларға көз салды. Кенет оның өне бойын көңілсіздік билеп, мүлдем жабырқау күйге түсті. Әлі күнге дейін бұлай ұзақ ажырап көрмеген анасын есіне алды.

Тар бөлме, дегенмен де, даладан гөрі жылырақ еді. Бала анасын ойлап жатып көп ұзамай бұтақтардың сытырлап жанған таныс әуенімен маужырап ұйықтап кетті.

Ол қанша ұйықтағаны белгісіз, бір уақытта біреудің өз бүйірінен түрткенінен оянды. Ахмет көзін ашып, тап қасында отырған жетілер шамасындағы жеткіншек балақанды көрді. Ол жап-жасыл көздері жалын ата, қонаққа сынай қарап:

– Сен кімсің? – деп сұрады.

– Ахметпін. – Бұл да басын көтеріп, жер таянып отырды.

– Ал мен Тәлхизбін, – деді де, былғары белдігіне ілінген ауыр семсерін тез суырып алып, қонақтың бетіне тигізе жаздап сермеп қалды.

– Мұндағы қанды көрдің бе? – Ол сұсты қарудың теп-тегіс бетін саусағымен масаттана сипап өтті. – Бұл – қасқырдың қаны. Біздің жақта қасқыр көп.

Төлхиз пысылдап, семсерін былайырақ қойды. Бөлмеге бір әйел кіріп, отқа отын тастады да, бұрылмастан сөйлей берді:

– Ұлым, бар, аттарды қара. Уһ! – Әйел ауыр күрсініп, көзін алақанымен басты, сосын қайтадан сыртқа шықты.

Төлхиз есікке қарап, сыбыр етті:

– Жылап жүр, ертең кетем ғой.

– Қайда?

– Самбырды өлтіруге.

Ахмет өзі мақтана бастағанда әкесінің айтатын сөзін есіне түсіре қойып:

– Ер бір рет өледі, мақтаншақ мың рет өледі! – деп дауыстап жіберді.

Төлхиз алқына тыныстап, жәбірлеушіні жағасынан ала кетті. Дәл сол сәттерде Ахмет ту сыртынан әкесінің даусын құлағы шалды:

– Ұлыңды қалаға оқуға жіберіп жатқаның өте дұрыс, Мансұр. Құдай қаласа, қышшылық өнерді үйреніп, құрметті кісі болады.

Бұған Төлхиздің әкесі Мансұр да келісіп, басын изеді.

...Таң елең-алаңнан оянған Ибраһим Ата ұлын үйден таппады. Мазасызданып ауладан қарап еді, Ахмет онда да жоқ боп шықты. Содан ат қораға барса, өз атының арқасына жабыса ұйықтап жатқан ұлын көрді. Әкесі оны оятып алды:

– Ахмет, түн ішінде мұнда неғып келгенсің?

Бала көзін уқалап:

– Бұл жақта қасқырлар көп дейді, әке. Менің атым шошынуы мүмкін ғой, – деді.

Ибраһим Ахметтің сөзіне қуанып қалды. Сол кезде ол өзінің кішкентай ұлының кеудесінде үлкен жүрек соғып тұрғанын түсінді.



Алғашқы ұстаз

Бір жыл өтті. Ахмет бұғанасы қатып, ер-тоқымда нық отыратын болды. Ыждаһаттық пен ынта-жігер танытқан ол еркін оқып, жаза білетін халге жетті. Ол түрік тайпаларының тұрмысы мен мінез-құлықтарын бейнелейтін әндерді, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды тез жаттап, есте сақтады. Әкесі ұлына көп уақытын арнап, оған сақ қаһармандары, Кирмен Дарийдің жорықтары, Баласағұн тұрғындарының кереметерліктері туралы аңыздармен әфсаналарды айтып беретін. Ахмет жат жерлік басқыншылардың қисапсыз шапқыншылығын тойтарған көшпелілердің өз жайылымдары үшін қалай тайталасып күрескендері жайында асқан қызығушылықпен тыңдайтын. Әйткенмен, оған, әсіресе, аңызға айналған дана жырау Қорқыт жайлы, оғыз баһадүрлерінің ерліктері мен тайпалардың біртұтас билікке ұмтылған күресі жайлы әңгімелер көбірек ұнайтын.

Ибраһим Атаның үйінен келімді-кетімді кісілер арылмайтын, мұнда олар көмек сұрап, бір ауыз жылы лебіз естуге келетін. Осындай жиын-мәслихаттарда бала Ахмет қариялардың байыпты әңгімелеріне құлақ салып, Мұхаммед пайғамбарды ердің ері, елдің құтыб-құтқарушысы бейнесінде елестететін, мақамды дұғаларын тыңдайтын.

Бір күні биылғы жиын-терін жағдайын ақылдасу үшін шайықтың үйіне жергілікті уағызшылар жиналды. Мешіт шырақшысы Тоқтамыс жердің жомарттығы мен ауа райының жайлылығын сұрап жалбарынып, Жаратушыға дұға бағыштады. Кенет осы шақта мінәжатты бөлмеге байқаусыз кіріп, әкесінің аяқ жағында отырған Ахметтің ашулы даусы бұзды:

– Алла бұл дұғаны естімейді!

Бірнеше наразы көздер қасиетті ғибадатты үзуге батылы жеткен балаға қадалды, әкесінің қабағы сұстана түйілді. Бірақ бұған Ахмет тоқтамады:

– Шырақшы Асанды алқапта қолын зақымдап алғаны үшін аямай таяқтады, ал кеше оның әйеліне сүт бермей

қойды. – Бала әкесінің көздеріне тайсалмай тура қарады. – Алла оның арызын естімейді!

Бөлмеде тыныштық орнады. Тоқтамыс аса жайсызданып, отырған орнында қыбыжықтап кетті. Күйгелектене қарғап-сілеп, Ибраһимге ешкікөздене қарады.

– Өзінің күшігін жөнге сала алмайтын әкеден не қайыр!

Шайық ұлына жалт бұрылып:

– Бөлмеден шығып тұр! – деп бұйырды.

Бала тысқа шықты. Осы кезде жұртқа сыйлы ақсақал Әбділғазиз жайлап сөз бастады:

– Сенің ұлыңның талабы таудай, Ибраһим, – қарияның езуінде қуақы күлкі ойнады, – әйгілі әулетіңнің тамыры су-алмапты, лайықты мұрагер – әкенің көз қуанышы.

Тоқтамыстың көздері от шашып, бірдеңе деуге оқталды. Бірақ шайық оған мұрсат бермеді:

– Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде деген емес пе?!

Бір күні таңертең Ахмет сырттағы әлдебір у-шуға жүгіріп шығып қараса, жол бойымен қос ат жегілген ескі арба келеді екен. Арбада екі ер адам отыр. Арбамен қатарласа жүріп келе жатқан салт атты екі нөкер тоқтап, биік тас дуалмен қоршалған көрші үйге қарай бет алды. Арба жолдан шығып, ол да аялдады. Осы сәтте ту сыртынан біреудің:


– Ау, Ахмет! – деген саңғырлаған дауысы естілді.

Ахмет басын бұрып қарап еді, жергілікті саудагердің ұлы Тұрқанды көрді. Ол бір топ достарының ортасында тұр екен. Балалардың біреуін Ахмет бірден таныды, ол Саид еді. Оның інісі Ерухан ат жарыстарға ылғи Ахметпен бірге баратын.

– Біз жебе жинап жүр едік. – Тұрқан достарымен жақынырақ келді.

Әлгі ер адамдар арбада әуелгі қалыптарында отырған. Киімдері жұпыны, жалба-жұлба, сау-тамтығы жоқ. Біреуінің шашы мүлдем ағарып кетіпті, сидіған арық денесі көріліктен бүкірейіп еңкіш тартқан. Екіншісі, керісінше, әлі мұрты да тебіндемеген жас өспірім бала, шашы икемге көнбей, желкесінде үрпиіп тұр.

– Бұлар – құлдар. Түу Самарқаннан әкеле жатыр. – Саид арбаға келіп, жебенің істігімен баланың қолын піскіледі.





Анау артқа серпілді, бірақ байлап-маталған аяқтары орнынан жылжуға мұрша бермеді.

Ахмет үшкір жебемен бейне өзін шанышқандай, жаны ауырғанын сезінді. Ол алға қадам басты. Сол сәтте Тұрқан жолын бөгей берді.

– Бұлар құлдар ғой. Менің әкем бұларды ит құрлы құны жоқ дейді.

– Жібер! – Ахмет оны итеріп жіберіп, Саидты жейдесінен ұстап, бар күшімен өзіне жұлқи тартты.

Бірақ қарсыласының күші басым әрі бойы ұзынырақ еді, тәлтіректесе де жығылмады. Саид Ахметтің қолынан сытылып шығып, жерге шашылған жебелерді жинай бастады. Осы кезде ішкі қораның қақпасынан бір әйел көрінді, ол қыш құмырамен су әкеле жатыр екен. Арбаның қасына келіп, ыдысты сабан жапқан тақтайдың үстіне үнсіз қойды да, асығыс кері қайтты. Әлгі бала құмыраны алып, шалға ұсынды. Бірақ анау қолын сілтеп, өзіне бірінші ішуге рұқсат етті. Ол күлімдеп, ыдысты кезерген еріндеріне апара бергені сол еді, ішіне бір түйір тас шолп ете түсіп, суды бетіне шашыратты. Саид ыржақтай күліп, жерден басқа тас алуға еңкейе берді. Күлкіге қарық болған достары да арбаға барған сайын жақын келіп, мергендік жарыстыра бастады. Ахмет қиянатқа шыдамай, тұра жүгіріп, Саидты ұшырып түсірді. Енді онымен қалғандары жағаласа кетті. Ахметтің де әлі құрып бара жатты. Сол кезде ол әлдебір күш өзін Саидтың шеңгелінен босатып, төбелесіп жатқандардан аулаққа лақтырып жібергенін сезінді. Ахмет Тұрқанның арқасына шалқасынан құлап, атып тұрды. Алдынан біреудің көлеңкесі қараңдады. Бала басын көтеріп, тап қасынан күлімдей жылтыраған өзіне таныс жанарларды көрді.

– Ер бір рет өледі, мақтаншақ мың рет өледі! – Ол бір кезде өз аузынан шыққан мәтелді естіді.

– Тәлхиз!

Достар құшақтаса кетіп, шымыр денелі бозбала Ахметтің иығынан байсалдана қағып қойды.

– Таныдың ба мені, аттың қарауылы?

Ахмет әкесімен бірге баяғыда түнемеге тоқтаған бақташының ауылынан аттанған шақтан бері Тәлхиз танымас-

тай өзгеріпті. Бойы өсіңкіреген, денесі мығымданып, бет сүйектері айқындала түскен, кәдімгідей есейіп, ержетіп қалыпты.

Кейінірек, Ибраһим Атаның үйінде дастархан басында отырған кезде, Төлхиз өзінің ел кезіп тентіреген хикаясын баян қылды. Әкесі қалаға оқуға аттандырмақ болған нақ сол бір сәтсіз күні олардың ауылын Самбырдың сенімді өкілі Асадтың әулекілері шауыпты. Олар әкесін сабап, дүниенің бәрін өртеп, бүкіл малды айдап әкетіпті.

Төлхиз әкесінің сол жарақаттарынан айықпай, ақыры, бірнеше күннен кейін көз жұмғанын еске түсірді. Содан шешесі қалған-құтқан нәрселерін алып, ұлымен бірге қалаға келіп, қолөнершілер махалласындағы туысының үйін паналаған екен.


Осынау шерлі хикаяны естігесін Ибраһим Ата қолын жеткіншек ұлдың иығына салып, былай деді:

– От темірді қалай шыңдаса, басқа түскен ауыртпалық адам жүрегін солай шынықтырады. Егер қасында сүйенер досы болса, жүректегі жара тез жазылады.

Сол күннен бастап Ахмет пен Төлхиздің жұптары жазылмай бірге жүретін болды.

Көктем келді. Ағаштар селдір бұтақтарын бүрлендіре жайқалтып, жалт-жұлт еткен әшекейін тағынып, ауаны ашылған қауыздардың хош иісіне бөктірді. Қалаға жан бітіп, тар көшелерде әр тұстан қыдырма саудагерлердің тұрғындарға арзанқол, қарапайым бұйымдарын ұсынып шуылдасқан дауыстары естіле бастады. Ахмет пен Төлхиз базар алаңына асықты, олар кешегі сауда керуенімен келген Ферғананың атақты «қантерлі» аттарын, араб және нисия сәйгүліктерін көруге құмартты.

Қалаға алыс елдерден таңқаларлық таңсық жануарларды жиі әкеліп тұратын: мұнда азу тістері аса таяқтай сорайған пілдерді де, бастарын сұстана шайқап қызықтаушыларды шошытқан марғау мүйізтұмсықтарды да, торларының ішінде аласұрған азулы арыстандар мен сілеусіндерді де кездестіруге болады. Бірақ асыл тұқымды арғымақтарға жететіні жоқ – кез келген көшпелі халық осы асыл текті төзімді жануарлар десе, ішкен астарын жерге қоятын.





Бас алаң халыққа лықа толған. Басым көпшілігі – түрлі-түсті ұзын шапан киген ер адамдар. Ахмет пен Тәлхиз жайма қатарларды асықпай аралай жүріп, тауарларды байқап көрді, көпестермен керекті келіссөздер жүргізді, солардан соңғы жаңалықтарды білді. Жеміс жайма-сөрелерін айналып өтіп, Ферғана мен Самарқаннан әкелінген алғашқы қауындардың нәзік жұпары мен көптеген дәмдеуіштердің қышқылтым аралас иісін рахаттана жұтты. Жібек сатушылар жұрт әрдайым таласып-тармасып алатын алуан реңді тай-тай маталарының қасында бейжай маңқиып отыр. Сол бір алыс замандарда жібек аса жоғары бағаланатын, асылзада меймандарға ізет білдіріп, жібек тарту ететін, қымбат қызметтің қарымын сонымен қайтаратын, азық-түлік пен күнделікті қажетті заттарға айырбастайтын.

Топырлаған елдің арасымен сыналап өткен Ахмет бейтаныс аспаптың үні мен даңғыр-дүңғыр еткен дыбысты естіді. Ол мойынын созып, саз шыққан жаққа қарады. Алдыңғы төбеде әлдебір әрекет-қимыл болып жатыр екен, соны жұрт қаумалап алыпты. Әлсін-әлсін күлкі мен шат дауыстар құлаққа шалынады. Достар да ойын-сауық өтіп жатқан жерге жақынырақ келді. Биіктеу сәкіде қызылды-жасылды ұзын киім киген екі ер адам түсініксіз сөздерді самбырлап айтып, алабажақ бояумен боялған беттерін қисайта, қолдарын ерсілі-қарсылы сермей, бірдеңе істеп жатыр, кезекпе-кезек біресе қорқынышты, біресе шаттықты кейіптеген олар қауымды өздерінің ебедейсіз қимылдарымен және бет-ауыздарының тыржыңдауларымен күлкіге кенелтіп баққан.

Осы думан-сауықтың тағы бір қатысушысы – кішкентай биші шеткеректе тұр. Ол жіңішке қолдарына шанағына сірі керіп қаптаған дөңгелек аспап ұстаған, соны таяқпен тынымсыз сабалап ұрғылайды. Өзі бетіне бетперде тұтыпты. Бір кезде ол айқай салды да, қолдарын көкке көтеріп, денесіне сәйкеспейтін қысқа аяқтарымен сәкіде секіріп, орғып, ұршықтай үйірілді. Қауым есі шыға дүркіреді, еденге мардымсыз ұсақ теңгелер шашылды. Бұл бір жағынан күлкілі әрі аянышты көрініс еді. Ахмет уысындағы мыс теңгесін сығымдап қыса түсті, соған ол Тәлхиздікі сияқты серпімді де иілгіш жаңа садақ сатып алғысы келген. Бірақ сәкіге

теңгелердің тым аз тасталғанын және мына тосын адамдардың соларды қандай ынтамен жинағанын көріп, әуелгі ойынан қайтты, алға аттап, кішкентай бишіні көйлегінен тартып, ақшасын ұсынды. Ол теңгені лып еткізіп ала қойды да, көкке лақтырып жіберді, сосын өзі арқасымен аударылып түсіп, теңгені қағып алды. Ойын-сауық аяқталып, жұрт тарай бастады.

– Ей, құрметтім!

Ахмет құлағының түбінен біреудің шіңгірлеген ащы даусын естіді. Мойнын бұрып қарап еді, тап қасынан қалаға бірнеше күн бұрын келген саудагерді көрді. Бала оны базарда кездестірген, аты Тініш екенін білетін. Өзі ылғи үлкен керуенмен жүреді, көпестің мінезі қатаң әрі ашушаң болғандықтан, жергілікті тұрғындар одан тауар алғанды онша ұната қоймайтын.

– Құрметтім! – Тініштің жылтыраған шұбар бетінде күлкі ойнады. Оның назары кішкентай бишіге тігілді. – Тағы да көңілімізді көтерші, ойыныңның ақысын төлеймін. – Ол белдігіне ілінген көнетоз дорбаны алып, бетперделі бишінің аяғына лақтырды. Анау қолына өзінің аспабын алып, билеуге ыңғайланды, бірақ көпес оны ымдап тоқтатты.

– Менің ұлымды көңілдендір. – Ол быртық саусағымен әсем де жылы бөрік киген, жуандығы өзінен кем емес төпелтек дөкірді нұсқады. – Ана арқанды көрдің бе? – деп жалғады Тініш ойыншылар арбасын баған-тірекпен жалғастырған жоғарыдағы жуан арқанға иегін көтеріп. – Соның үстімен жүріп өтсең, теңгелеріңді аласың, ал құлап кетсең, – ол айналасына қулана қарады, – түк те жоқ. Қане, немене тосып тұрсың? – деп аяқтады ол маңғаздана, әр сөзін соза сөйлеп.

Бетперделі биші орнынан жылжуға тәуекел етпей, біршама уақыт қозғалыссыз тұрып қалды, аяғының қасында ақшалы қапшық жатты. Содан кейін ол сатылы тіректермен сенімсіздеу жоғары көтеріліп, керілген арқанға аяғын қойды. Шиыршықталған кендір жіп оның салмағынан шайқалақтап кеткенімен, биші тепе-теңдігін сақтап қалды. Ол қолдарынекі жағына жайып, таңданған қауымның шаттанған айқай-шуымен алға баяу жылжыды. Балалар мына көріністен көздерін алмай, құдды қыл көпірде өздері тұрғандай, қимылсыз қатып



қалды. Биші өзінің тар жол, тайғақ кешуінің тең жарымынан өтті, енді оның жеңісіне ешкім күмәнданған да жоқ болатын. Алайда кенеттен ол оқыс шайқалақтап, аяғы тайып кетті. Біреулер шыңғыра айқайлап жіберді, жұрт арқаннан жапырлап кейін шегінді. Бірақ бетперделі биші арқанға қолдарымен тастай қатып, жерге құламай қалды. Сәл уақыт қимылсыз салбырап тұрды да, сосын жан дәрмен жоғары тартылып, арқанның үстіне қайтадан шықты. Азырақ тыныс алғасын биші бойын тіктеді. Осы арада жұрттың бәрі оның аяғында, тізесінен төменірек жебе шаншылып тұрғанын көрді, жұқа етігінің қонышынан қызыл қан сорғалап ағып тұр. Тініш қарқылдап күліп, садағын жаңа ғана төмен түсірген ұлына бұрылып:

– Енді оған менің ділдаларымды алу қиынырақ болар, – деді.

– Алла жазаңды тартқызады сенің, Тініш! – деген Тайлақ алға шықты.

Көпес қарт жауынгердің оқты көзіне шыдап, жайма-шуақ жымыды.

– Ол бар болғаны жарымжан қайыршы ғой, оның түкке тұрмайтын өміріне бола қынжылып қажеті қанша? Оның үстіне, мен оған ақысын жақсылап төледім, қарасаңшы, ол ақшаны еңбектеп барып алуға бейіл, – деп ол мардамси мырс етті.

Бейне осы жәбірлі сөздерді естігендей, биші баяу қозғалып, жаралы аяғын ауырсына басып, ақырындап арқанның екінші ұшына жетті.

– Иә, – деп жалғады сөзін Тайлақ көпестің дәл жанына келіп, – мен шайқаста жау оғынан жараланып, ұрыс даласынан еңбектеп шыққан талай батырды көргем. Ал сен жауды өз үйіңде өсірген екенсің. Байқа, күндердің күнінде тап мына кембағал ғаріпке жасағанын өзіңе жасап жүрмесін.

Көпес тағы да қарқылдап күлді.

Ахмет пен Тәлхиз жаралыға тұра ұмтылды. Ахмет оның бетпердесін шешті. Бұлардың алдында жасқа толы бүлдіршін көздерінен мөлдір тамшылар моншақтап аққан әлі мүлдем балғын бала тұрды. Тәлхиз өз ашуын баса алмай, махалладағылардың бәрі қызығатын садағын белдігінен суырып

алды. Содан соң кішкентай бишіні жұбатпақ болып, ортасынан қақ бөліп сындырды да, лақтырып жіберді.

Кешке үйге келген соң Ахмет әкесінен:

– Зұлым, қатыгез адамдарды Алла неге көрмейді, неге жазаламайды, керісінше, оларға байлық пен күш-қуат беріп қоятыны несі? – деп сұрады.

Ибраһим Ата ұлының бұл сөздеріне ұзақ ойланып, асықпай, байыпты жауап берді:

– Байлық арқылы да жазалауға болады, ұлым. Ал ақыл-ессіз құр қара күштің мәуесіне құрт түседі. Қара күшке салып ауыртып ұратын адам күшті емес, сол бейшарамен соның азабын бөлісе білген адам күшті. Қатыгездің емі жоқ, ұлым, қатқан қара тастай мейірімсіздер бақытты бола алмайды.

Осыдан көп кейінірек шығыс ойшылы ақын Қожа Ахмет бен Ибраһим Махмұт Иасауи мынадай жыр шумақтарын жазған еді.

*Өктемдікке үйретілген әлдекім
Байлығының артып ауыр теңдерін,
Өлексені шұқып жейтін қарғадай,
Батпағында көрдік шіріп өлгенін.*

*Мұфти, молда тек өздерін мақтаған,
Жақсы атанып, ойда қулық сақтаған.
Қияметтің тозағына сол түсер –
Ақты қара қып, қиянатты жақтаған!*

*Қазының да менмендігі тым асты,
Тәкаппарсып имамменен таласты.
Әрқайсысы қыңырланған бір есек –
Көмбе көрсе, мекендері жер асты.*

*Бармақ тістеп, үлгі етсе де басқаға,
Парақордың пақырлығы масқара.
Көрінде де билеп оны қорқыныш,
Жаратқанға жауап берер жасқана!*

*Аста-төк қып былапыттап жегендер,
Асыл киім өзімдікі дегендер
Тақта отырып өлтіргенді мақтаса,
Өлік қой ол, топыраққа бөлеңдер!**

* Осы және бұдан кейінгі өлеңдерді орысшадан аударған Қорғанбек Аманжолов.

Жол басы

Тәле аяқ астынан келді: Ибраһим Атаны ауыр науқас алып ұрды. Сырқаты меңдеген шайық төсек тартып жатып қалды. Бір кездегі күш кернеген денесі енді өзіне бағынбады. Ахмет үнемі әкесінің қасынан шықпады, оның жайлап айтқан ақыл-өсиетін тыңдап, санасына сіңірді.

– Ахмет, – деді әкесі, – сен де, міне, өсіп, мүлдем ересек боп қалдың. Мен сені тек жақсылыққа, ізгілікке баулып едім. Еңбегімнің зая кетпегенін де көріп тұрмын. Өркез сәтті істеріңмен қуантып келдің. Мен сенің бұдан әрі де оқығаныңды қалаймын. Алла тағала әрдайым саған дұрыс жол көрсетіп, жүрегіңде жүрсін. Есіңде ұста, ұлым, жамандық – аяқ астында, жақсылық – ағаш басында. Білім алудан ерінбе де жалықпа, сонда ақиқат саған ажарын ашады.

Асқар таудай әкенің ақырғы әкелік өсиет сөздері осындай еді. Көп ұзамай оны халық арулап жерледі. Сонан соң үйге туыстар мен ақсақалдар жиналып, Ахметтің одан арғы тағдыры жайында ақылдасты.

Бірінші сөзді қадірменді қария Сүлеймен ата алды:

– Әкесінен айырылған бала күн шуағынан қағылған гүл сияқты. Ахметтің ендігі тағдырына біз жауаптымыз.

– Құрметті ақсақал, жиенімді өзіммен бірге Арсубаникетке алып кетуге рұқсат етіңіз. – Дибал тіктеліңкіреп, қарияға сұраулы жүзбен қарады. – Ол ержүрек жауынгер болып өседі.

– Оны саудагерлікке үйрету керек, – деп әңгімеге жергілікті имам Әбу Ысхан араласты. – Жақын арада Женттен тері мен мата теңдеген үлкен керуен келеді. Қадірменді Боралтай өзі бай көпес, ел сыйлайтын кісі, ол Ахметті сауда кәсібіне үйретер еді.

Сүлеймен ата бұларға жауап бермес бұрын ұзақ ойланып-толғанды, содан кейін отырғандарды баяу шолып өтіп, ақыры, сөйлеп кетті:

– Бәрімізге сүйікті шайық Ибраһим ұлына үлкен үміт артқан болатын. Ахметтің барлық қабілеті ашылмаса, оның жүрегі тыныштық таппайды. Ол ұлын алуан тілдерге үйретті, сауатын ашты. Сонда ол оны әскер ісімен айналысын немесе



саудагер болсын деген жоқ. Шайықтың ақырғы аманатын орындау – парызымыз. Сондықтан баланың жұрт сыйлайтын данышпан ұстаз Арыстан Баб шайықтың медресесіне оқуға барғаны дұрыс.

Сөйтіп, ақсақалдардың шешімі бойынша, Ахмет өз заманының атақты ұстазы, жұрт аңыз қылып айтқандай, отыз үш діннің білгір ғұламасы Арыстан Баб дананың медресесіне аттануға тиіс болды. Ахметтің анасының талап етуімен түрлі ғылымдарды бірге үйреніп, қиын сәттерде қасында болу үшін жолға оның жақын досы, өжет Төлхиз де жиналды. Ержүрек Дибал балаларды барар жерге жеткізіп салуды өз міндетіне алды. Олар таң сәріде жолға шықты. Алыс жол солтүстік-батысқа бет түзеді. Отырар мен Сауранның аралығындағы жарым жолда ежелгі шаһар Шабғар жатқан-ды. Ол бұл күнде Иасы деген жаңа атпен белгілі еді.

Салт аттылардан тұратын шағын жасақ кеш түспей Арыс өзенінің аңғарына жетуге тиіс еді. Онда далалық көшпелі қыпшақтардың жазғы жайлаулары орналасқан болатын. Олардың көсемі, байсалды да дарқан адам Әлмұраз-Арыстан саудагерлермен мал және тері алыс-берісі жөнінде келіссөздер жүргізу үшін Сайрамға жиі келіп-кетіп жүретін.

Жолаушылар масатыдай құлпырған көкорайлы даланың көркінесүйсіне, бірқалыпты жүріспен келе жатты. Көп ұзамай жатаған киіз үйлер ұшырасты. Құдды алуан реңді қиқым-құрақтардай, далалықтардың қарапайым баспаналары желкілдеген көк майса, жасыл кілемдегі алашұбар дақтардай мен мұндалайды. Ақыры, қалжыраған жолаушылар ауылға жеткен кезде алау-күн де өзінің отты басын көкжиекке еңкейте құлады. Бұларды үш үлкен үй тігілген қоныстың орталығына алып барды.

Қонақтарды ортаңғы үйге түсірді. Ұзақ жолдан шаршаған Ахмет пен Төлхиз жұмсақ киізде рахаттана көсіліп, үлкендердің сұхбатына құлақ түрді. Еркектердің жайлап сапырған әңгіме-дүкеніне қарағанда, сахарада қарақытайлар* шапқыншылыққа дайындалып жатыр, саржағал тайпаның осынау қанқұмар әрі қатыгез жауынгерлері мейірімді білмейді, өз заңдарына мойынсұнғысы келмейтіндердің барлығын аяусыз қырып-жояды деген сыбыс тараған көрінеді.

**Қарақытайлар – XII ғасырдың басында арасында түркі тілдес жұрттың қалың топтары болған, қидандардан бөлініп шыққан тайпалар.*

Мазасызданған Әлмұраз-Арыстан қонақтарға Хорезм мемлекетінің шахы Әнүштегіннің өз қол астындағы аймақтарын кеңейтіп, нығайта түсуді көздеп, көшпелі қыпшақ тайпасымен туыстасуды ұйғарғанын, сөйтіп, Исмаил ханға құда түсіп, оның қызы Тахун сұлуды алып кетуге келіп жатқанын баян етті. Ал Тахун болса, оған түркілер әскерінің сардары Тарлан батырға ғана күйеуге шығатынын, шахтың әйелі болуды қаламайтынын айтыпты.

– Сахарадан маза кетіп тұр, – деп аяқтады әңгімесін үй иесі.

...Ахмет көзін ашты, керегені жапқан киіздің ар жағынан әлдекімдердің айқай-шуы естілді. Бала есікке еңбектеп барды да, ауыр жабуды көтеріп, сыртқа көз салды.

Қарауытқан аспан астынан ол үздік-создық шұбатылған түтін мен шалқыған жалынды көрді. Ішінде жылқы мен қой азап тартқан ағаш қоралар сатырлап жанып жатты. Есі шыққан әйелдер мен балалардың зарлы айқайы құлақ тұндырып, жүрекке нала мен үрей толтырды. Артынша жақыннан ат дүбірі естілді.

Қатты ұйқыдан оянған Тәлхиз де досына қосылып үлгерген, енді ұлдар не боп жатқанын түсінбестен, асығыс киіне бастады.

Сыртқа жүгіре шыққан достар жалын тілі сумаңдап жетіп қалған киіз үйге ұмтылды. Ол жердегі жұрт та апыр-топыр. Кенет тап қастарынан дабыр-дүбір дауыстар естіліп, балалардың алдынан бір топ салт атты шыға келді. Бейне қара құзғындар сияқты, олар иілген садақтарын икемдей ұстап, тұрған орындарында шырқ үйірілді. Тәлхиз досын жеңінен тартып, жергілікті тұрғындар топырласқан тұсты ымдады.

Ауылға басып кірген сарбаздардың алдынан Әлмұраз атаның өзі шықты. Ол қолын жоғары көтеріп, жұртты тыныштыққа шақырды да, содан соң сестене:

– Алла тағаланың атымен сұраймын, айтыңдаршы, біздің ауылдың тыныштығын не себептен ту-талақай еттіңдер?

Салт аттылардың бірі жақынырақ келіп, қарияға жоғарыдан шүйіле тіл қатты:

– Менің атым – Сайрұқ. Көзіңді ашып қара, сенің алдыңда – Хорезм әскерінің сардарлары, – деді ол өз адамдарына бір қарап қойып. – Мен мәртебелі Әнүштегін шахтың

жарлықтарын орындаймын. Менің адамдарым қашып кеткен тұтқынды іздеп жүр. Егер біреу-міреу біздің іздеуімізге бөгет жасап, тақсыр иеміздің құзырына қарсы шықса, мен сендердің баспаналарыңның күлін көкке ұшыруға бұйрық беремін! – Едірейген мұртының астынан жексұрын күлкі жүгіріп өтті. Сайрұқ көздерін сығырайта, жерге бір түкіріп, тағы да:

– Адамдарыңа айт, бізге жол босатсын, мекен-тұрақтарыңды қараймыз, әйтпесе, осы араны тұтас от жалмайды, – деп қосып қойды.

Әлмұраз қабағын түйіп, дауысы қатаңырақ шықты:

– Менің жұртым – бейбіт көшпенділер, олардың өмір салты ізгілікпен сусындаған, ал сенің шеріктерің құдды аш қасқырлар сияқты, қарусыз тұтқынды тарпа бас салмақшы...

Сайрұқ қалған сөздерін айтқызбады, ақсақалдың сөгісі оған оқтай қадалған-ды. Ол ашудан сұрланып, түтігіп кетті, дегенмен де сабырлана жымыды:

– Тым сөзуарсың, шал, жолдан былай тұр, сонда біз сенің адамдарыңа тиіспейміз.

Осы кезде:

– Итке – ит өлімі! – деген Дибалдың үні саңқ ете түсіп, қолы семсерінің сабын қысты. – Сенің сұмпайыларыңнан тайсалатын ешкім жоқ мұнда!

Қарулы салт аттылар топырлаған жұртқа бет алды. Бірақ олардың жолын Әлмұраз-Арыстан кес-кестеді:

– Наһақ қан төгу керек емес. – Ол арт жақтағы киіз үйлерді нұсқады. – Жауынгерлерің мұнда бөтен адамдардың жоқтығына көздерін жеткізсін де, тезінен тайып тұрсын.

Тәлхиз досына еңкейіп, құлағына сыбыр етті:

– Біз олардың жайдан-жай кетуіне жол бермейміз. Жүр! – деп досын киіз үйге қарай сүйрей жөнелді.


Үйдің іші тастай қараңғы екен. Тәлхиз өзіне Дибал сыйға тартқан семсерді іздеп, аласа сәкінің қасында қалдырған қоржынын ақтарыстырды. Ахмет те уақытын текке кетірмеді. Өзі жатқан жердегі үстіне жамылған теріні көтеріп, жол қапшығын қарады. Кенет Ахметтің қолдары әлдекімнің түрпідей шашын сипалады. Оқыстықтан селк етіп, қолын тартып алды. Дәл сол сәтте біреу ыңырсыды. Досынан кем

таңданбаған Тәлхиз тез шамды тұтатып, тері көрпені серпіп жіберді. Астында жас жігіт жатыр екен, киімінің дал-дұлы шыққан, бет-ауызына қан қатқан. Жаралы жігіт тағы да қинала ыңырсыды.

– Сайрұқтың іздеп жүрген тұтқыны, сірә, осы болса керек, – деп аңғара қойды Ахмет.

Сарбазға қандай қауіп төніп тұрғанын көзіне елестеткен ол шошына түршігіп, дем алысы жиілеп кетті. Сырттан дабырласқан айқай-ұйқай естілді. Сірә, Сайрұқтың адамдары көрші үйлерді тінтіп жатқан болуы





керек. Сәлден соң-ақ бұлар отырған киіз үйдің дәл қасынан төңкерілген қазанның тарсыл-гүрсілі естілді. Біреу шаң-шұң балағат айтты.

Ахмет жаралыға теріні жылдам жаба салып, өзі үстіне жата кетті. Тәлхиздің шамды өшіріп, киізге жантайып үлгергені сол, үйге бөтен кісілер сау етіп кіріп келді. Кіргендердің бірі қолына қыса ұстаған ағаш шырақтың лапылдаған отынан Тәлхиз көздерін тарс жұмды.

Ахмет бетін қабырғаға қаратып жатқан. Астындағы жігіттің бір жерін ауыртып алам ба деп, қозғалуға да қорықты. Бірінші кірген жауынгер айналасын көзімен тінте, Тәлхиздің қасына келді. Иығынан жұла тартып, бетіне үңілді.

– Таптың бірдеңе? – деп есік алдында қалған еркек шіңгірлей сұрады.

– Мұнда да тағы бір мұрынбоқтар ұйықтап жатыр.

Ахмет дәл тұмсығының алдынан бөтен дем алысты сезінді. Бала бөрінен бұрын жаралы тағы ыңырсып, өзін дұшпандарға білдіріп қоя ма деп зәресі ұшты. Үрейленгені сонша, тұла бойын суық тер басты.

– Жарайды, тиіспей-ақ қой. – Достар Сайрұқтың даусын таныды. – Сірә, ана қаңғыбас Тарлан ел-жұртқа жете алмай, әлдебір сайда сүйретіліп өлген шығар.

– Егер олжасыз оралсақ, қожамыз басымыздан сипай қоймас, – деп екіншісі әлсіз қарсылық білдірді.

Сайрұқ сәл бөгеліңкіреп, содан соң:

– Таңға шейін осында тосайық, іздеуді ертең жалғастырамыз, керек болса, бүкіл сахараның шаңын аспанға шығарамыз, – деді.

Жауынгерлер үйден шығып кетті. Ахмет те басын көтеріп, жеңіл тыныстады. Әлгілердің әңгімесінен ол Тахун сұлудың сүйген жігіті нақ осы Тарлан екенін түсінді. Шамасы, Әнүштегін даңқты батырды қызғанышпен өлтіруге бұйырған.

Жаралы жігіт тағы ыңырсыды, айналасында болып жатқаннан хабарсыз сияқты. Соған қарағанда, алған жарақаттары ауыр болса керек.

– Оңбаған қорқаулар! – Тәлхиз жұдырығын түйіп, жүрегі ашу-ызамен алаулады. – Ол тумысынан жаужүрек батыр еді, өзін бетпе-бет ұрыста көрсетуді арман етті, ал қарусыз

адамды аң сияқты қамалап аңду – жауынгердің ар-намысын қорлайтын масқарашылық. Енді оны мұнда қалдыруға болмайды, – деді ол байсалды жүзбен.

Ахмет сыртқа үңілді. Айнала толған алау-оттар, сол оттардың қасында Сайрұқтың сарбаздары дем алуға жайғасқан. Көзге шалынбай шығып кету мүмкін емес. Осы кезде киіз үйдің маңында тағы да әлдекімнің асыға басқан аяқ тықыры естілді. Ахмет өзінің төсегіне ұмтылды. Бірақ үрейленгені бекер екен: табалдырықтан абыржулы Дибал аттады. Ұлдар оған тұтқынның хикаясын айтып берді. Сөйтіп, жаралыны түн ішінде қауіпсіз жерге алып шығуды ұйғарды.

Ауыл тынышталып, ел ұйқыға жатқан соң, мысықтай епті Төлхиз ұйқыдағы жауынгерлердің жанынан сыбысын сездірмей ақырын өтіп, аттарға жетті. Екі арғымақты сәл әрірек апарып қойды да, қайтып келіп, мықты бір атты шылбырынан ұстап, киіз үйдің қасына әкелді. Дибал мен Ахмет жаралыны абайлап көтеріп алып шығып, ерге көлденең жатқызды да, атты жетектеп шарбақтың сыртына шықты. Сонан соң Дибал жігітті алдына өңгеріп ыңғайланып отырып, сахараға бет түзеді. Ахмет пен Төлхиз де жан-жақтарына алақтап, аттарын тез ерттеп, соның соңынан салды. Ауылдан аулағырақ шыққасын Дибал тізгінін тартып, тың тыңдады. Төңірек түгел тып-тыныш. Көкжиектен таяудағы таңның хабаршысындай ақтандақ жолақ бұлдырай көрініп, қамыс-құрағында түні бойы беймаза жел ұйытқыған ойпаң сұлбаланды. Бірақ бұл тыныштық алдамшы еді. Қырағы Сайрұқ ауылдан құпия салт аттылардың аттанғанын байқап қалып, өз адамдарын атқа қондырып, дереу қуғынға түскен болатын.

Дибал дұрыс бағдар анықтамаққа жан-жағын шолып тұрған кезде арттарынан айқай-сүрен естіліп, көп ұзамай қуғыншылар қашқындарды қоршап алды.

– А, бұл сенбісің, бахадүр Дибал, кеше ғана емес пе еді, маған һәм менің адамдарыма айбат шеге дікендеп тұрғаның? Енді қорқақ қояндай зытып бара жатқаның қалай?

Сайрұқ тебіне жақындап келіп, жауынгердің алдында ертұрман үстінде көлденең сұлап жатқан жаралыны көрді.

– Олжа деп осыны айт! – Ол қарқылдай күліп, нөкерлеріне бұрылды. – Мына қаңғыбас біздің қашқынды іздеп тауыпты. Енді мен тақсыр иеме біреудің орнына екі бас апаратын болдым.





Дибал семсерін суырып алды.

– Ол оңай бола қоймас: бұл бастар әзірге иықтарда нық тұр! Сайрұқтың бірнеше адамы бірден садақтарын ыңғайлады, алайда, бас сардар оларды ыммен басып тастады.

– Ержүрек жауынгер осылай сөйлесе керек, – деді ол қайтадан Дибалға бұрылып, – мен сені өзім өлтіремін!

Осы сөздермен ол алға ұмтылды, Дибалдың басының үстінде қанжар жүзі жарқ ете қалды. Сайрұқ қанжарын иыққа сілтеген, бірақ Дибал жалтарып кетіп, атын бұрып, қарсыласын ол да соқты. Сайрұқ қан бұрқ ете түскен аяғын құшты. Әйтсе де, құламады, қанжарын қайта сермеді.

Бұл жолы сілтегені құр кетпей, Дибалдың қолы жансыз салбырап қалды. Ахмет пен Төлхиз жанталаса көмекке ұмтылған, бірақ дәл осы сәтте Сайрұқтың нөкерлерінің бірі кенеттен қолдарын жайып, атының жалын құша құлады. Оның арқасынан ақ қауырсынды жебе сорайып көрінді. Мұндай жебелерді көшпелі батыс түркі тайпаларының сарбаздары жасайтын. Ә дегенше тағы бір жауынгер сұлап түсті. Аңдаусызда тұтқиыл шабуылға ұшыраған салт аттылар үріккен арғымақтарына ие бола алмай, бір орында сасқалақтай шырқ үйірілді. Қастарынан тағы бірнеше жебе зу-зу ете түсті. Артынша өзен жақтан шабуылдаушылардың шағын жасағы шаңдатып, тура бұларға қалай салды.

– Бұл сол жақ жағалаудағы сахаралықтар, Тарланның адамдары, – деген біреудің айқайы естілді. Қарсыластар қанды шайқаста тоқайласты.

Ахмет шеткерек алып шықпақшы болып, Дибалдың атын шылбырынан тартты. Аулағырақ барған соң, балалар жаралыларды жерге түсіріп алды. Тарлан көзін ашты, әйткенмен, қозғалуға шамасы келмеді. Дибал жаралы қолына қарамастан, ұрысқа кіріп кетуге құштарланды, бірақ оны Төлхиз жібермеді. Ол өздеріне бір салт атты жақындап келе жатқанын байқады. Анау қастарына келді де, атынан қарғып түсіп, жаралы жігітке еңкейді:

– Тарлан! – Жауынгер оның басын көтеріп, алқынған дем алысын жеңілдетті. Жігіт көзін қайтадан ашып, үстінен үңілген адамды танып, күлімсіреді:

– Нәдір, – деп ол тұруға әрекеттенді. – Тахун қайда?

– Ол аман-есен, бәрі жақсы.

Нәдір Дибалға қарап:

– Саған деген алғысымыз шексіз, ержүрек бахадүр. Сен біздің сардар досымызды құтқардың, – деді.

Жаралыларға қалған салт аттылар жақын келіп, қоршап алды. Сайрұқтың адамдарының сау-тамтығы қалмады. Тегеурінге шыдамаған олардың кейбірі қашып құтылды, қалғандары өздері соның алдында ғана бөтен қанды төккен жерде ажал тапты.

Тарланның жасағы сол күні-ақ сахараға аттанды, ал Ахметтер ауылға оралды. Кешке бәрі оттың қасында отырған кезде жарасын жуып, таңып, өз-өзіне келген соң Дибал:

– Біз құлқын сәріден жүріп кетуіміз керек, ханның адамдары қайта оралуы мүмкін, – деді.

– Иә, – деп қоштады оны Әлмұраз-Арыстан, – бұл жолғы ұрыс осымен біте қоймас. Не күтіп тұрғанын Құдай біледі.

Ахмет ойланып қалған. Түнгі оқиғалар жүрегіне қобалжу салғандай. Оның әсершіл де жараланғыш жаны ересектердің қатал заңын түсінбеді. Жиырма жауынгер тұтқынды өлтіру үшін, ал сегіз жауынгер оны құтқару жолында жандарын қиды. Бала өзіне әкесінің өлімі қанша қайғы шектіргенін еске алды. Ол нағашысын жеңінен тартты:

– Жұрттың бәрі тыныштық пен амандық сұрап жалбарынса, онда адамдар бірін-бірі неге өлтіреді?

Әлмұраз-Арыстан басын шайқады:

– Бәрі де Алланың еркінде, ұлым! – Ол қолдарын айқастырып, көзін жұмды, таныс дұғаны қайталаған еріндері дыбыссыз жыбыр-жыбыр етті.

Дибал балаға зер сала қарады. Ахмет оны үнемі тосын сұрақтарымен таңқалдыратын. Ол түрпідей әлуетті қолдарымен басынан сипап еді, өспірім ұл лақылдаған сезім селін ірке алмай, басын бұрып әкетті:

– Жоқ, – деді ол, – өзі өмір сыйлаған адамдарды Алла өлімге айдай алмаса керек!

– Күн әлі жерге жарығын да шашып үлгерген жоқ, ал сен ондағы сай-жыраны түгел көріп тұрсың, ө!? – Дибал жымып күлді. Ақсақал мақұлдап басын изеді. Тәлхиз болса, соңғы сөзді естіп, отқа жақынырақ отырды да:

– Күн әлі көкжиектен көтеріліп көрінетін түрі жоқ, ал отын жанып бітті, – деді.

Арыстан Баб

Жолдың қалған бөлігін аман-есен жүріп өткен жолаушылар «бек құрметлу Арыстан Баб» өмір кешіп, хақтың ақиқатын уағыздап тұрған бейтаныс шаһарға келіп жетті. Оның есімі туған қаласынан алыс жерлерде де кеңінен мәшһүр еді. Ұлағатты ұстазға көп адамдар жәрдем-кеңес сұрап келетін. Арыстан Баб сопылық ағымды жақтаушылардың діни ұстазы болды, ол өзінің барлық шәкірттерін әр нәрседе қанағат пен ынсапқа шақырды, адамның рухани һәм адамгершілік жағынан кемелденіп өсуін уағыздады. Жас Ахмет шәкірті болып кірген осы жергілікті дін ғұламасының бейнесі ашылатын әдемі аңызды тарих бізге бағзыдан жеткізіп баяндайды.

63 жасында Мұхаммед дүниеден өтіпті. Өлер алдында пайғамбар халықты жинап, былай деген екен:

– Мен көз жұмғалы жатырмын. Менің аманатымды* кім қабылдап ала алады, өсиетімді кім жалғастырады?

Сонда жұрттың арасынан үш жүз жасқа толған, осы кезге дейін отыз үш діннің ілімін меңгерген, бірақ енді тек дін исламды ғана мойындаған Арыстан Баб деген біреу үн қатыпты. Мұхаммед Алламен ақылдасуға кетіп, Хақтың мақұлдауымен аманатты Арыстан Бабқа тапсырыпты.

Содан кейін бес жүз жыл өтеді. Алланың сүйіктісі сахарада сапарлап жүргенде оған он бір жастағы бір бала ұшырасып:

– Ақсақал, аманатымды беріңізші, – депті.

Міне, осы бала Ахмет Иасауи екен деседі.

Елдің аңыз-қауесеті атақты уағызшы ұстаз бен оның өнегелі шәкіртінің есімін ғасырларды көктей алып өтті. Бірақ медресе табалдырығын аттаған сол бір алыс күндерде Ахмет өз тағдырында Арыстан Бабтың дана өсиет-уағыздары қандай маңызды рөл атқаратынын білмеп еді.

Ахмет қатаң оқу кестесіне тез көндігіп кетті, ал Тәлхиз болса, тәртіпке бейімделе алмай көп қиналды. Әрбір күн, ұстаз айтқандай, «жанды жарық нұрға толтыратын» таң намазымен басталды, содан кейін таңғы ас ішіліп, сабақтарда

*Аманат – құрма сүйегінде сақталған исламның қасиет-киесі.

араб, парсы және түркі тілдерін оқып меңгерді. Көркем сөз зергері Арыстан Баб өз шәкірттерін өлең құрастыру негіздері мен музыкаға үйретті. Балалардың ортасында отырғанда ол көбіне-көп өмір жайлы толғаныстарын айтатын:

– Рухани тұрғыдан ширықпайынша, жан-тәнімен риясыз берілмейінше, адамның өз тағдырын айқындауы мүмкін емес, – дейтін ол өзінің тағатсыз тыңдаушыларына жымия қарап қойып.

Көп ұзамай Ахмет үздік шәкіртке айналды, оның білімі мен қабілеті ақылман ұстаздардың сүйсінісін туғызды, сонымен бірге көре алмай күндеушілер де пайда болды. Бұхаралық бай әмірдің ұлы Тоқтамыс солардың қатарынан табылды. Оған жаңа шәкірттің келе сала ұстаз сүйіспеншілігі мен ілтифатына оп-оңай бөлене салғаны ұнамады. Сөйтіп, ол өз бәсекелесін тәубесіне келтіруді ұйғарды. Бірде ол жайнамазға ұсақ қиыршық тастар шашып тастады. Ахмет намазды бұзғысы келмей, аяғына тас батып ауырғанына сабырмен шыдап, қозғалыссыз ұзақ отырды. Кейінірек, бөйге кезінде, Тоқтамыс тағы да арамдық жасап, Ахметтің атына улы шөптердің тұнбасын ішкізді. Содан ат шауып келе жатып құлап, жас шабандозды басып қалды. Ахмет осы құлағаннан



көпке дейін ауырсынып жүрді. Бірақ Тоқтамыс не істесе де қарсыласының рухын сындыра алмады. Ахмет қай жағынан алса да, қатарының алды болды. Бұған ол одан сайын ызаланып, кектенді.

Арыстан Бабтың он бес шәкірті дөңгелене отырып, Ахметтің Әли халифаты кезіндегі Ферғана жазығында болған христиандарға қарсы шайқастар туралы, байтақ сахараға ұлы дін – исламның келуі туралы әңгімесін ұйып тыңдайтын. Жас жігіттердің көз алдарынан Ысқақ пен Дәміл бастаған сайыпқыран салт аттылар, Ош пен Баб, Шаш пен Исфиджаб қалалары үшін болған қисапсыз қиян-кескі ұрыстар тізіліп өтетін.

Бірде Ахмет Ысқақ Бабтың Сайрамның христиан билеушісі Байт ад-Дарды қалай жеңгені және Қарғалық қаласы мен Тараз төңірегіндегі қамалды басып алғаны жайында да баяндап берді. Соңында шәкірттер таяуда жаттаған өлеңін оқуға міндетті болатын. Ахмет ұстазға қарады да, өсиет-өлеңді бастап кетті:

*Жамандыққа – жаса әркез жақсылық,
Қанды қанмен жуа алмайсың жуықта.
Жал-жаянды басқаларға ас қылып,
Жаңа кисең – жалаңашты ұмытпа.
Қылма зорлық, жәбірлеме ешкімді,
Кешіре біл қиянатын кімнің де.
Саған жаман қылса біреу – көзге ілме,
Сен жақсылық жаса оған,
Білдің бе!
Біл. Адамдық басталады осыдан.
Бір жақсылық жасай қалса кімде-кім,
Қос дұғаңа, бөліп беріп асыңнан,
Алғыс айтқын оған жүз рет құнбе-құн.
Жұл жаулықтың терең кеткен тамырын,
Келсе алдыңа кінәсін де кешіргей.
Алаулаған ашу-ыза жалынын
Ақылыңның суын құйып өшіргей.*

Арыстан Баб шәкіртіне қалың қастарының астымен қарап, күлімсірей жымиды.



– Ахмет Жүгінекидің осы ғақлия жыры хақында не айта аласың?

– Дана ақын ізгілік пен теңдік мұратын алға қояды, – деп Ахмет іле-шала жауап қайырды. – Ал соғыстарда әділеттілік жоқ, аяусыз шайқаста әділдік емес, қара күш жеңеді.

Ұстаз күрсінді, зерек шәкірттің күмәні оған түсінікті еді. Сахара, бейне қасірет шеккен анадай, ұстанған дін-сенімі әр түрлі әскерлердің шапқыншылықтарына ғасырлар бойы үнсіз төзуде. Жібек жолының бойында діни аңсарлы ойлар таралуда, миссионерлер өз діндерін дәріптеуде, жер-жерде адам қаны төгілуде.

Сол бағзы уақыттың уақиғаларын тарих біздің заманымызға жеткізді. VI ғасырдан бастап түркілер сахарада кең таралған буддизмнің күшті ықпалын бастан кешті. Сюань-Цзянь батыс түркілер қағанының буддизмге ықыластылығы жайында жазады. Бұл олардың отырықшылық пен қала тіршілігіне көшуіне байланысты еді. Осынау жат жерлік діннің ескерткіштері – ғибадатханалар мен монастырьлер, сондай-ақ буддалық кейіпкерлер мен көріністер бейнеленген жәдігерлер – мүсіншелер мен сынтастар әлі күнге дейін сақталған. Кейін бұларды христиандардың шіркеулері мен «құдай үйлері» ауыстырды. Көптеген қалаларда христиандық шіркеулер пайда болды. Ыстықкөлдің жағасында он төртінші ғасырда христиан монастырі тұрғандығы белгілі. Онда әулие Матфейдің мүрдесі сақталған. Түркі текті христиандардың көрнекті діни өнер туындыларының қатарына қайрақтар – несториандық үлгідегі жазулар мен нышандар өрнектелген құлпытастар жатады. Ұлы Жібек жолының бойында манихейлік таралды, ол, жалпы алғанда, зәрдәш (зороастризм) діні мен христиандықтың қоспасы болып табылады. Манихейлер христиандықтан messiандық мұраттарын, ал зәрдәш ілімінен – жақсылық пен жамандық, жарық пен қараңғылық күресі идеясын еншіледі. 840 жылы Нух ибн Асад Исфиджабты өзіне бағындырып алды, ал 859 жылы оның інісі Ахмет ибн Асад Шабғарға жорық жасады. 766 жылдан бері Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінде саяси үстемдікке ие болған қарлұқтар мұсылман мәдениетінің ықпалына көбірек ұшырады. Оныншы ғасырдың басында исламды қарахандар

әулетінің түп атасы Сатұқ Боғра хан қабылдады, ал оның ұлы Боғра хан Харун б. Мусса 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады. Жаңа дін біртіндеп көшпенділер арасына да жайылды. Осы мазасыз аласапыран заманда адамдар ақиқатты аспани арсыдан іздеді, кей-кейде өз кемшіліктері мен жүгенсіздіктерін өз құдайларының атымен ақтады. Қатыгез хандар қарапайым жұртты қан қақсатып, қазынаны алуан асыл заттар мен алтын-күміске толтыра отырып, қанағат пен қайырымдылықты уағыздады. Осынау астан-кестен түнекте жақсылық қайда, жамандық қайда екенін айырып білу қиын еді.

Ахмет Жүгінекидің өлеңдерін тыңдай отырып, Төлхиз де ойға шомған. Алайда ол қимылдың адамы болғандықтан, пәлсафалық ойлардың қалың қойнауына тереңдей алмады, оның қарапайым түсінігі бойынша, озбыр қылықтар, содыр әрекеттер дереу әрі қолдағы семсермен жазасын алуы тиіс. Ол өзіне адал, төбет иттерден бетер сенімді және бай мұрагерді құрметтейтін нөкерлері Жүсіп пен Ғазалдың ортасында отырған Тоқтамыс жаққа астарлы мағынамен қарап қойды.

– Жамандыққа жаса әркез жақсылық, қанды қанмен жуа алмайсың жуықта, – деген Тоқтамыстың даусы шықты. – Егер мен өзімді жәбірлеушіден кегімді алмасам, тамағыма сүйек тұрып, қақалып қаламын. – Ол Төлхизден көзін алмай мардамси жылмиды.

Төлхиз ызаға булығып, жұдырығын түйді:

– Қорқаулар түнде ұлып, күндіз апанына тығылып отырады!

Тоқтамыс оған қарай оқыс қимыл жасады:

– Сүмелек бақташы...

Арыстан Баб ыммен ескерте қолын көтеріп, сұстана қарап:

– Ұлық болсаң, кішік бол! – деді.

Көктем жақын қалған. Көп ұзамай медресе шәкірттері емтихан тапсыратын. Оқытудың шарттары бойынша емтихандарға өз қабілеттерін таныта алған таңдаулы шәкірттер ғана жіберілетін. Төлхиз бір сарынды тауқыметті сабақтардың

аяқталғанына қуанып, заттарын буып-түйіп те қойған. Ол әскер қатарына кіріп, алғашқы шайқасыма аттанам деп армандап, сол күнді асыға күтіп жүрген.

Ахмет қорытынды емтиханға әзірленді. Оған тағы екі шәкірт, соның ішінде, есейіп қалған Тоқтамыс та жіберілген еді. Ол бұрынғысынша мықты бәсекелесін өлердей жек көріп, одан еш жерде кем қалмауға тырысты, білім алуда күшті ерік-жігер мен табандылық танытты. Бірақ осы сынақтың алдында күйгелектеніп, жүйкесі сыр берді. Шәкірттер емтиханға өз еңбектерін жазып, онда олар шындық оқиғаларды өлең түрінде бейнелеп беруі тиіс. Иә, тарих, жұлдызнама және дін сабақтары бойынша білімі болумен қатар, түлектердің бірнеше тілді білуі және міндетті түрде ақындық дарыны болуы керек-тін. Нақ осы өлең шығаруда Ахметке тең келетін жан болмады. Тоқтамыс мұны біліп, ұятқа қалудан қауіптенді. Өйткені, ақсақалдар алдында өлеңнен өнер көрсету – тым ауыр сын.

Өлеңді тыңдардан бір күн бұрын Арыстан Баб шәкірттерін жинап алып, ұзақ ойланып отырып, мынаны айтты:

– Ертең ақсақалдар кеңесі өз шешімін шығарады. Білемін, сендер көп еңбектендіңдер, себебі білім жолы оңай емес – сендердің жаңа көктеген білімдерің өз мәуесін бергенше ай мен күн талай рет орын ауыстырар. Тек естеріңде болсын, – ол өзінің үздік шәкірттерін көзбен шолып өтті, – қасиетті құдай үйі сендердің жүректеріңде. Мына жер бетіндегі ең маңызды нәрселер адамдардың бір-біріне деген ықылас-пейілінен бастау алады. Ендеше, сендердің де сөздерің қасірет шеккендердің жандарына ізгілік дөңдері болып егілсін. Дарияның ағынындай, адам тағдыры да өзгергіш. Мәңгілікке адамның әмірі жүрмейді. Тек ой ғана уақытты өзіне бағындыра алады. Сендердің шығармаларың жазылып болған да шығар, Алла бұл қиын сында да өз балаларына жар болсын!

Ахмет соңғы өлең жолдарын жазып бола берген кезде бөлмеге Төлхиз кірді.

– Иә, қалай, жаздың ба? – деді ол досының иығынан аса, Ахмет ұқыптап өрнектеген жазуларға сүйсіне қарап. – Өлеңді қалай шығарасың? Менің қолымнан келмес еді.

Ахмет қағазды ысырып қойып, жеңілдене тыныс алды. Соңғы күндер тым қарбалас болып, ол мүлде дем алмай жұмыс істеген-ді.

– Енді тек тексеру ғана қалды. – Ол бұрылып, өз бұрышында бірдеңе іздеп жатқан Төлхизге қарады.

– Болды, жүр тезірек! – деді Төлхиз Ахметті асықтырып. – Олар келіп қалды.

Медресе бітірушілерді тыңдауға Бұхарадан халифаттың діни орталығын басқаратын шайық Қожа Жүсіп әл-Хамадани келетіні туралы хабар төңірекке тез тарап кеткен болатын. Достар сыртқа шығып, арбаларға қарай бет алды. Халық жиналып қалыпты.

Тоқтамыс та осы маңайда тұрған. Ахметті көріп, ол қулана жымыды да, Ғазалды ымдап шақырып алып, құлағына бірдеңе сыбырлады. Қара шашты бозбала айналшықтап кішкене тұрды да, топтың арасына байқаусыз кіріп, жоқ болды.

Ол ешкімнің көзіне түспей ұзын қараңғы дәлізді бойлап өтіп, Ахметтің бөлмесіне ұрланып кірді...

Алдағы мереке-мейрамға әзірлік кешке шейін созылды. Көпшілікпен бірге әбігершілікке түскен шәкірттер ақыры кешкі намазға тарай бастады. Ахмет тізесін бүгіп, көзін жұмып, Құран аяттарын күбірлей оқыды. Осы сәттерде ол Жаратқан Алладан ертеңгі сынақтан мүдірмей өтуге медет тілеп еді. Төлхиз де досына бола уайым етті, ол оның дарыны мен дарқан жүрегіне риясыз сүйсінетін. Осы жылдарда олардың достығы тек нығая түсіп, нағыз ерлердің одағына айналған.

Ахмет ертесіне елең-алаңнан тұрып алды. Тұра сала өз жазбаларын іздеп еді, еш жерден таба алмады. Төлхизді оятып еді, қағаздарды ол да көрмепті. Екеуі бүкіл бөлмені ақтарып қарап шықты, бірақ кешегі дайын өлеңдер із-түзсіз құрыды. Ахмет басын қос қолдап ұстап, сәкіде отырып қалды.

– Бұл Тоқтамыстың қолынан келген қарақшылық, оңбаған күшік! – Төлхиз есікке қарай беттеді, бірақ Ахмет оның жолын кес-кестеді.

– Жоқ, – деді ол досына кесімді түрде. – Егер ұстаз біліп қалса, мені тыңдауға жібермейді.

– Бірақ қағазсыз сен бәрібір оқи алмайсың ғой!

Төлхиздің бет-әлпеті сұрланып кетті. Неткен оңбағандық десеңші! Бәлем енді ме, сужүрек қорқаудың сыбағасын береді!
– Жібер! – Ол досын жолынан ысырып тастады. Алайда, Ахметтің даусы оны кілт тоқтауға мәжбүр етті.

– Сен оған тиіспейсің!

Бұл сөздерден тосын жаңа бір мінез байқалғандай. Төлхиз досына жаны аши қарады:

– Сонда не істемексің?

– Білмеймін.

Ішкі аулаға орнатылған күнқалқаның астына құрметті мейман мен медресе ұстаздары жиналыпты. Ақсақалдар Жүсіп Хамаданиды қаумалай, маңыздана жайғасқан: өзінің ақ күміс сақалын ойлана, саумалай сипаған қадірлі шайық жаққа қарағыштап, мақұлдаған сыңайда әлсін-әлі бастарын изеп қояды.

Тыңдау басталды. Алғашқы болып алға Тоқтамыс шықты. Оның өлеңдері туған жер, бақыт іздеп басқа жаққа ұшып кететін құстар, алыс та жақын атамекен жайын әңгімеледі.

Келесі боп өз шығармасын жергілікті саудагердің ұлы Рәшит оқыды. Ол өлеңінде осы төңіректегі ақсүйектерді мақтапты, байлық пен батырлықты мадақтапты, бірақ оның сөздері көріксіз де мәнсіз болып шықты. Өлең құрастыруы салдыр-салақ, сөздері іркіс-тіркіс, кібіртігі көп. Содан да мәтін сұрқай көрінді.

Міне, ақыры, Ахметтің кезегі келді. Тоқтамыс бәсекелесі тұрған биік тұғырға көзімен ішіп-жей қарады. Ол жұрттың сүйіктісін бір састырып, тығырыққа тіредім, қазір тамам елдің алдында масқарасы шығады деп іштей табалап тұрды. Төлхиз де досынан көз алмады, уайымдағаннан тіпті алақаны терлеп кетті. Ахметтің жан дүниесі астан-кестен: ойда жоқта тап келген қырсық жайын мына жұртқа қалай айтпақ? Ақсақалдар өлеңнің жоғалғанын білгенде не болмақ?

Шәкірт өзіне қадала қараған тағы бір көзді байқап қалды. Бұл ұстаз әрі ақылшы, дос әрі екінші әке, данагөй Арыстан Баб болатын. Абыз қария нақ осы Ахметке, өзінің үздік шәкіртіне үлкен үміт артқан еді. Ол осынау жастың ерекше



қасиетін өзгелерден жақсырақ түсінді, сондықтан, оның өнер көрсетуін дегбірсіздене тосты.

Ахмет ұстазына қарап, әкесінің соңғы өсиет сөздерін еске алды. «Жамандық – аяқ астында, жақсылық – ағаш басында, ұлым». Жоқ, ол алға қойған мақсатына қайткенде қол жеткізеді және әкесінің үмітін ақтауы тиіс!

*Халқымызда сақилық жоқ бұрынғы,
Шаһ-уәзірлер шындықтары құрыды.
Дәруіштің асын құдай тәркі етер...
Уа, адамдар, неткен заман сұмдығы!
Жүрген жандар ғұламаның атын ап,
Қиянатшыл, жарамсақ не ақымақ.
Дәруішке
Шындық сүйгіш жау болып,
Қараңдаршы: өшті жарық қапы қап!
Пәни жалған тиянағын таппайды,
Құл Ахмет мұны өтірік айтпайды.
Қу жалғаннан пайда күтпес өзі де,
Бәм халқына кеңес бермей қайтпайды...*

Ахмет өлеңдерін ұзақ оқыды. Тыңдаушыларға ашық күнде найзағай ойнап шатырлағандай болды. Ақ самайлы қариялар өлең оқушының толқулы үніне құлақ түріп, шәкірттің батыл ойларына ашу шақыра сыбырласты. Тек бас қазы мен атақты мейманның сабыр-тыныштық сақтап, ұйып тыңдауы олардың ашу тасқынын тежегендей еді.

*Пайғамбардың өсиетін бас қыл да,
Қапияда жат діндікке қас қылма.
Құдай сүймес қатал жүрек адамды,
Тартар жаза қыл көпірдің астында.
Олар тозақ қапасында тұншығар...
Даналардан сондай гибрат үн шығар...*

Осынау жан толқындар сөздерді ынтызар жас жігіттің аузынан зейін қоя тыңдап отырған уағызшы ақсақалдың көз алдынан сараң шаттық пен сақи қайғыға толы бүкіл ұзақ өмірі елестеп өтті. Ол қиын балалық шақты да, туған жерде бірге қаңғырған аштық пен ажалды да, ұрыстарда шейіт болған